

Мен өмірді жырлау үшін келгенмін!



**1.«Аққу» тобына: Ақиық ақынның өмірі
(отбасы жайлы деректер)**

**2. «Ана» тобына: Ақынның
шығармашылығы
Ақын өлеңдеріне жазылған әндер**

**3. «Табиғат» тобына: Мұқағалидай ақыны
бар халық-бақытты халық
(ақын-жазушылардың пікірі)**



Шынайы поэзия өкілі, ғажайып ақындардың бірі - Мұқағали Сүлейменұлы Мақатаев 1931 жылы 9 ақпанда Алматы облысының Нарынқол ауданы Қарасаз деген жерінде дүниеге келген. Балалық бал дәурені соғыс жылдарының ауырлық - тауқыметімен тұспа-тұс келген Мұқағали өлеңді он-он бір жасынан жаза бастайды. Әкесі Сүлеймен соғыста қаза болып, анасы Нағиман Мұқағалидың өкшесін баса туған үш ұлды өзі асырап жеткізген. Алғашқы өлеңдері аудандық газетте жарық көрген Мұқағали шығармалары 1960-1970 жылдары үздіксіз басылады, бұл жылдары ақынның қазақ поэзиясының биік шыңына көтерілген уақыты деп санауға болады



**Ақынның
жас кезі**



Ақынның анасы- Нағиман Батанқызы

- 1948 жылы Мұқағали орта білімді интернатта алды.
Ауылдық кеңестің хатшысы, комсомол
қызметкері және мектепте мұғалім
- 1962-1963 “Социалистік Қазақстан” (қазіргі
“Егемен Қазақстан”) газетінде
- 1963-1965 “Мәдениет және тұрмыс” (қазіргі
“Парасат”) журналында
- 1965-1972 “Жұлдыз” журналында
- 1972-1973 Қазақстан Жазушылар одағында әдеби
кеңесші болып
Қазақ радиосында диктор болып қызмет
атқарған.



Мұқағали қаламдас жолдастарының арасында



Мұқағали шығармашылығы

**өлеңдер
жинағы**

**“Армысындар достарым”,
“Қарлығашым, келдің бе?”,
“Мавр”, “Дариға жүрек”,
“Аққулар ұйықтағанда”,
“Өмір дастан”, “Шуағым
менің”, “Шолпан”, “Өмір-
өзен”, “Жырлайды жүрек”.**

прозасы

**“Қош
махаббат”**



Сәби болғым келеді

Сөнбейді, әже, шырағың

**Ақын
өлеңдеріне
жазылған
әндер**

Сарыжайлау


Арулар

*Дарига домбырамды
берші маған*

Есіңе мені алғайсың

“Мұқағали поэзиясы –
таңғы шықтай мөлдір,
сырлы, мұңлы поэзия”

Ф. Оңғарсынова



**Мұқағали Мақатаев- адамдар арасындағы,
өмірдегі, табиғаттағы жарастық пен келісімнің
жаршысы.**

Ә.Кекілбаев

**Мұқағали мұрасы-біздің бүгінгі игілігіміз ғана
емес, болашақ ұрпақтардың да еншісі, қастерлеп
қадірлейтін қазынасы.**


З.Серікқалиев

**Мұқағали жұлдызы- ең шұғылалы, ең мейірімді
жұлдыз.**

Т.Молдағалиев

**Әдебиет-ғаламат ғимарат, сұлулық сарайы.
Мұқағали- соның талантты тас
қалаушыларының бірі.**

Қ.Мырза Әли











Мағынаны таны



1. «Ақжу» тобына

Поэманың мазмұнын қорғау

2. «Ана» тобына

Поэмадағы Ана бейнесі

3.«Табиғат» тобына

**Поэмада Жетікөл сұлулығы
қалай суреттеледі?**



Оқиғаның басталуы **Сатылай**



Оқиғаның дамуы



Оқиғаның байланысуы



Шарықтау шегі



Шешімі

талдау



Әлдилеп ақ төсіне бермей тыным,
Ақ айдын ақ мүсінін тербейтұғын



Ауру бала. Тәуіп айтқан ем



Ұзақ түн. Дәрменсіз ата-ана



Қасиетке оқ атып, жойған пақыр



Аққудың киесі. Жалғыз ұлынан айырылған
ана қасіреті

1. «Аққу» тобына
Поэманың мазмұнын қорғау

2. «Ана» тобына
Ананың қасиетке оқ атуға итермелеген
қандай күш?

3. «Табиғат» тобына
Поэмада Жетікөл сұлулығы қалай
суреттеледі?

1. «Аққу» тобына

Поэмадағы бақытсыз жаны кім?

2. «Ана» тобына

Ана әрекеті дұрыс па?

3. «Табиғат» тобына

Тәуіп сөзіне сенуге бола ма?

Сендер тәуіпке сенесіңдер ме?

Үйге тапсырма:

«Аққу» тобына

«Аққу киелі құс»-эссе жазу

«Ана»тобына

«Анаға, анаға және анаға табын, одан асқан асыл да, ақыл да,періште де жоқ»-өлең жазу

«Табиғат» тобына

«Табиғат туралы сурет»-сурет салу



**Ақынмын деп мен қалай айта аламын,
Халқымның өз айтқанын қайталадым.
Күпі киген қазақтың қара өлеңін
Шекпен жауып өзіне қайтарамын.**